

Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 32 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 сәуірде № 38309 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабының 2 және 4-тармақтарына және 127-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 70-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидалары;

2) Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасы қаулысының құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігін қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2026 жылғы 31 наурыздағы
№ 32 қаулысымен бекітілді

Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабының 2-тармағына және 127-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 70-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) мәжбүрлеп таратылатын банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (бұдан әрі – таратылатын банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы), сондай-ақ қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының тарату комиссияларының төрағасын және мүшелерін тағайындау және босату тәртібін айқындайды.

2. Тарату комиссиясы құрылған кезде мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан

Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін уәкілетті орган мына адамдардың қатарынан тағайындайды:

1) мәжбүрлеп таратылатын банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына немесе мүшесіне тағайындау үшін құжаттар ұсынған және осы қаулымен бекітілген Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес келетін, тестілеуден оң нәтижелер алған, Қағидаларға сәйкес әңгімелесуден өткен кандидаттар (бұдан әрі – кандидат);

2) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның Талаптарға сәйкес келетін қызметкерлері (мәжбүрлеп таратылатын банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы және мүшелері тағайындалған кезде);

3) сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметкерлері;

4) уәкілетті органның қызметкерлері.

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін уәкілетті орган "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабының 1-1-тармағында айқындалған адамдар қатарынан тағайындайды.

Уәкілетті органның қызметкерлері болып табылмайтын, мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері Талаптарға мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы қызметінің бүкіл кезеңі ішінде сәйкес келеді.

3. Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі – кепілдік кепілдік беру жөніндегі ұйым) мынадай жағдайларда кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхаты негізінде таратылған жағдайда уәкілетті органның қызметкерлері және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның немесе сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметкерлері қатарынан тағайындалады:

1) бос жұмыс орнына кандидаттар болмаған кезде немесе кандидаттар Талаптарға сәйкес келмеген (мәжбүрлеп таратылатын банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін тағайындаған кезде) кезде;

2) уәкілетті органның қызметкерлері және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлері Қағидалардың 24-тармағының 2), 3), 4), 7) 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан босатылған кезде және (немесе) уәкілетті органның басқа қызметкерлеріне және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлеріне ауыстыру арқылы уәкілетті органның қызметкерлерін және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлерін босату қажет болған кезде;

3) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының мәжбүрлеп таратылатын банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалында мүлкі болмаған жағдайда не егер оның құны мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының істерін аяқтау жөніндегі жұмысты жалғастыру үшін осы шығыстарды өтеуге жеткіліксіз болса мәжбүрлеп таратылатын банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының негізгі міндеттері мен функцияларын тарату комиссиясының орындауын жедел жалғастыруды қамтамасыз ету қажет болған кезде;

4) таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алдында оның төлеген (төлейтін) кепілдік өтемінің сомасы бойынша берешегі болған кезде.

4. Тарату комиссиясын құру банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган мәжбүрлеп таратылатын банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшесінің бос жұмыс орнына орналасу туралы хабарландыруды уәкілетті орган банкті, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалын мәжбүрлеп тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды.

Банкті, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалын мәжбүрлеп тарату барысында бос жұмыс орындары болған кезде, бос

жұмыс орнына орналасу туралы хабарландыру да уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

2-тарау. Кандидат ұсынатын құжаттарды қарау

5. Қағидалардың 6-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кандидат мәжбүрлеп таратылатын банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының атауын көрсете отырып және мынадай құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға өзін мәжбүрлеп таратылатын банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі етіп тағайындау туралы өтінішін ұсынады:

- 1) жоғары білімі туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі;
- 2) еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының нотариат куәландырған көшірмесі;
- 3) кандидаттың бұрын тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі болғанын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (мұндай құжаттар болған жағдайда);
- 4) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір парағына бұрыштама қойылған және қол қойылған сауалнама;
- 5) ұсынылған құжаттардың тізімдемелері.

Кандидаттың жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, сондай-ақ Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар бойынша цифрлық деректер болған жағдайда уәкілетті орган оларды "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

6. Мәжбүрлеп таратылатын өзге банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болып табылатын не бос орынға өтініш берген күннің алдындағы бір жылдың ішінде мәжбүрлеп таратылатын өзге банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болған кандидат мыналарды қоса бере отырып, өзін мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі етіп тағайындау туралы өтінішін ұсынады:

- 1) кандидаттың мәжбүрлеп таратылатын өзге банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі болып табылатынын не бұрын болғанын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір парағына бұрыштама қойылған және қол қойылған сауалнама.

7. Уәкілетті орган Қағидалардың 3, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кандидаттың мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі етіп тағайындау туралы өтінішін (ұйымның кепілдік беру жөніндегі өтінішхатын) және құжаттарды олардың Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Кандидат (кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкері) ұсынған құжаттарды тексеру үшін қажет болған кезде уәкілетті орган мемлекеттік органдарға және (немесе) өзге ұйымдарға сұратулар жібереді.

8. Уәкілетті органға ұсынылған, Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар кандидатқа (кепілдік беру жөніндегі ұйымға) қайтарылады. Қайтарылған құжаттардың көшірмелері кандидаттың іс қағаздарына қосып тіркеледі.

Қайта ұсынылған құжаттар жаңадан келіп түскен болып есептеледі және Қағидаларда белгіленген тәртіппен қаралады.

9. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – жауапты бөлімше) Талаптарға сәйкес келген кандидат бойынша тестілеуге жіберу туралы қорытынды дайындайды.

Мәжбүрлеп таратылатын немесе банкрот деп танылған өзге қаржы ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының немесе заңды тұлғаның бұрын басшы қызметкері болған кандидат бойынша қорытындыда оның көрсетілген лауазымдардағы қызметі туралы және ол жол берген бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тестілеуге жіберу туралы қорытынды кандидат ұсынған құжаттар топтамасына қоса беріледі.

10. Кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің Талаптарға және Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкері әрбір парағына бұрыштама қойған және қол қойған өзін мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі етіп тағайындауға арналған кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің сауалнамасы қоса берілген кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхатына сәйкес келуі кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі лауазымына сауалнамасы жауапты бөлімшенің қарауы үшін негіз болып табылады.

Кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің Талаптарға сәйкес келуін кепілдік беру жөніндегі ұйым қамтамасыз етеді. Кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхатында мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі лауазымына үміткер кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің Талаптарға сәйкес келетіндігі көрсетіледі.

Кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің сауалнамасын және кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхатын қарау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкері бойынша қорытынды дайындайды.

11. Талаптарға сәйкес келмейтін кандидат немесе кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкері бойынша уәкілетті орган кандидаттың немесе кепілдік беру жөніндегі ұйым қызметкерінің Талаптарға сәйкес келмейтіндігі туралы негізделген жауап жібереді және ұсынылған құжаттарды қайтарады.

12. Тестілеу өткізгенге дейін 7 (жеті) жұмыс күні бұрын жауапты бөлімше кандидатқа тестілеудің өтетін күні және орны туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Кандидат тестілеуден өту үшін дәлелді себептермен белгіленген мерзімде келмеген жағдайда кандидат бұл туралы уәкілетті органға келмеу себептерін көрсете отырып хабарлайды. Уәкілетті орган тестілеуден өту үшін оған жаңа мерзім белгілейді және тестілеу өткізуге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын кандидатқа бұл туралы хабарлайды.

13. Кандидаттарды тестілеу 30 (отыз) сұрақ бойынша 45 (қырық бес) минут бойы компьютерлік әдіспен жүргізіледі.

Тестілеуді жүргізу кезінде кандидаттың жазбаша, электрондық немесе басқа ақпараттық материалдарды пайдалануына жол берілмейді. Көрсетілген талаптардың бұзылуы тестілеудің теріс нәтижесіне теңестіріледі.

Кандидат тестілеуден өткеннен кейін дереу қол қойғызу жолымен тестілеу нәтижелерімен таныстырылуға тиіс.

Тестілеудің оң нәтижесін алған (кем дегенде 70 (жетпіс) пайыз дұрыс жауап жинаған) кандидат әңгімелесуге жіберіледі.

14. Әңгімелесуді уәкілетті органның біліктілік комиссиясы кандидат тестілеудің оң нәтижесін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өткізеді.

Әңгімелесудің мақсаты кандидаттардың кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

Әңгімелесу қорытындысы уәкілетті органның біліктілік комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

15. Уәкілетті орган мынадай:

1) ұсынылған құжаттарда дәйексіз ақпарат болған (кандидаттың қасақана жалған ақпарат пен құжаттарды ұсынуы);

2) кандидат Қағидаларда және Талаптарда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) тестілеудің немесе әңгімелесудің нәтижесі теріс болған не дәлелді себептерсіз тестілеуге және (немесе) әңгімелесуге келмеген;

4) кандидат тарату комиссиясының қолданыстағы төрағасы болған жағдайларда, кандидатты мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі етіп тағайындамайды.

16. Уәкілетті орган әңгімелесуден өтпей қалған кандидатқа уәкілетті органның біліктілік комиссиясының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

3-тарау. Уәкілетті органның мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының құрамына қатысты шешімдер қабылдау тәртібі

17. Уәкілетті орган мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшесінің кандидатты және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерін тағайындау туралы шешімін жауапты бөлімше дайындаған кандидат бойынша қорытынды, кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкері жөніндегі қорытынды, уәкілетті органның бірінші басшысының (бірінші басшы орынбасарының) бұйрығы түрінде ресімделетін уәкілетті органның біліктілік комиссиясының хаттамасы негізінде қабылдайды.

18. Уәкілетті органның біліктілік комиссиясы уәкілетті органның бірінші басшысының (бірінші басшы орынбасарының) бұйрығы негізінде құрылады. Уәкілетті органның біліктілік комиссиясына төраға – уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасары басшылық етеді.

Уәкілетті органның біліктілік комиссиясының құрамына уәкілетті органның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді. Уәкілетті органның біліктілік комиссиясының шешімдері уәкілетті органның біліктілік комиссиясының отырысына қатысып отырған оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

19. Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының сандық құрамын уәкілетті органның біліктілік комиссиясы белгілейді.

20. Уәкілетті органның мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан

Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін тағайындау туралы бұйрығында мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының атауы, мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың деректемелері көрсетіледі.

21. Уәкілетті органның кандидатты, кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерін мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшесінің қызметіне тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың жіберілуін тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарымен жіберіледі немесе кандидаттың, кепілдік беру жөніндегі ұйымның өзіне тапсырылады.

22. Қағидаларда белгіленген құжаттарды ұсынбастан, тестілеуден және әңгімелесуден өтпестен мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының (тарату комиссиясы төрағасының орынбасары болмаған жағдайда) міндеттерін мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының мүшесіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарату комиссиясының қызметін жүзеге асырғаны үшін дербес жауапкершілік белгілей отырып, тарату комиссиясында 3 (үш) жыл бойы үздіксіз жұмыс өтілі бар, еңбек шарты бойынша тартылған қызметкерге 3 (үш) айға дейінгі мерзімге уақытша жүктеуге жол беріледі.

Уәкілетті органның мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының міндеттерін уақытша жүктеу туралы бұйрығы жауапты бөлімше дайындаған және біліктілік комиссиясының төрағасы мақұлдаған қорытынды негізінде шығарылады.

Уәкілетті органның біліктілік комиссиясының тарату комиссиясы төрағасының немесе мүшесінің міндеттерін уақытша жүктеу мәселесі жөніндегі отырысы өткізілмейді.

Осы тармақтың ережелері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына тарату комиссиясының төрағасы мен мүшесін тағайындаған кезде қолданылмайды.

4-тарау. Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшелерін босату тәртібі

23. Жауапты бөлімше мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының есептері, мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының қызметіне жүргізілген тексерулердің актілері, өтінішхаттар мен өзге де материалдар негізінде қорытынды дайындайды және мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін босату туралы мәселені уәкілетті органның біліктілік комиссиясының отырысына шығарады.

24. Уәкілетті орган мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін мынадай:

- 1) тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі уәкілетті органға өзінің кандидатурасын тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі қызметіне қарау кезінде қасақана жалған ақпаратты немесе құжаттарды ұсынған;
- 2) өз міндеттерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған;
- 3) тарату комиссиясы белгіленген мерзімде уәкілетті органның жазбаша ұйғарымын орындамаған;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, еңбек, банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар рыногы туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалын және басқа заңды тұлғаларды тарату рәсімдерін жүргізу жөніндегі талаптарды бұзған;
- 5) уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшелерін уәкілетті орган қызметкерлерінің арасынан тағайындау туралы шешім шығарған;

6) тарату комиссиясы тарату комиссиясының төрағасымен немесе мүшесімен еңбек шартын және (немесе) өзге азаматтық-құқықтық шартты тоқтатқан (бұзған);

7) атқаратын лауазымынан босатылған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын ұсынылған, өз қызметкерін мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі лауазымынан босату туралы кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхаты болған;

8) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты тарату комиссиясының мүшесі лауазымынан босату туралы уәкілетті орган шешім шығарған немесе мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының өтінішхаты болған;

9) уәкілетті органның қызметкерін мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының құрамынан шығарудың қызметтік қажеттілігі (лауазымдық міндеттерін қайта бөлу) болған;

10) тарату комиссиясы төрағасының немесе мүшесінің лауазымын атқаратын уәкілетті органның қызметкерімен еңбек шарты бұзылған;

11) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзған;

12) тарату комиссиясы кепілдік беру жөніндегі ұйымның алдында ол төлеген (төлейтін) кепілдік өтемінің сомасы бойынша берешегін өтеген жағдайларда босатады.

25. Уәкілетті орган мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін босату туралы шешімді жауапты бөлімше дайындаған мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі жөніндегі қорытынды, уәкілетті органның бірінші басшысының (бірінші басшы орынбасарының) бұйрығы түрінде ресімделетін уәкілетті органның біліктілік комиссиясының хаттамасы негізінде қабылдайды.

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін босату туралы уәкілетті органның бұйрығында мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының атауы, Қағидалардың 24-тармағында көзделген тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін босату негіздері көрсетіледі.

Тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін Қағидалардың 24-тармағының 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша босатқан кезде уәкілетті органның біліктілік комиссиясының хаттамасы жасалмайды. Шешім уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі Қағидалардың 24-тармағында көзделген негіздер бойынша тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін лауазымынан босату туралы уәкілетті органның біліктілік комиссиясы төрағасының атына дайындаған қорытынды негізінде қабылданады және уәкілетті органның бірінші басшысының (бірінші басшының орынбасарының) бұйрығы түрінде ресімделеді.

26. Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін босату туралы уәкілетті орган бұйрығының көшірмесі бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жөнелтуді тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарымен жіберіледі немесе лауазымнан босатылған адамға жеке тапсырылады.

Уәкілетті орган мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі болып табылатын уәкілетті органның қызметкерлерін және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлерін қызметтік қажеттілік (лауазымдық міндеттерді қайта бөлу) және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхаты болған кезде оларды уәкілетті органның басқа қызметкерлеріне және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлеріне ауыстыру жолымен босатуды жүзеге асырады.

Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі болып табылатын уәкілетті органның қызметкерлерін және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлерін босату Қағидалардың 4-тармағында көзделген кандидаттарды қосымша іріктеу жүргізілместен (мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшесінің бос лауазымы туралы хабарландыруды жарияламастан, тестілеу және әңгімелесу өткізбестен) оларды уәкілетті органның басқа қызметкерлеріне және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерлеріне ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

Мәжбүрлеп таратылатын
банктердің, сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымдарының,
қызметі мәжбүрлеп
тоқтатылатын Қазақстан

Нысан

фотосуретке
арналған
орын

Сауалнама

(мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының,
қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі
филиалының толық атауы)

20 __ жылғы _____ (күні) Бос жұмыс орнының атауы

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

(толық көрсету)

2. Тұратын жері

(индекс, қала (облыс), аудан, көше, үйдің (офис) нөмірі

(телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы (бар болған жағдайда)

3. Туған күні мен туған жері

4. Азаматтығы

5. Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері, жеке сәйкестендіру

нөмірі _____

6. Білімі туралы деректер (біліктілікті көтеру курстарын қоса алғанда)

№	оқу орнының, факультеттің (бөлімшенің, мамандықтың) атауы)	оқу кезеңі	берілген біліктілік	білімі туралы дипломның сертификаттың, куәліктің деректемелері	оқу орнының орналасқан жері
1.					
2.					
...					

7. Сіздің біліктілігіңізді және құзыреттілігіңізді объективті түрде айқындау үшін маңызды деп санайтын кез келген басқа да ақпарат

8. Өзге де қаржы ұйымдарының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталында (акцияларды иелену) тікелей және (немесе) жанама қатысу

№	заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	осы заңды тұлғаның жарғылық капиталында қатысу сомасы мен үлесі (кандидатқа тиесілі акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына арақатынасы)
1.			
2.			

9. Алынған қарыздар туралы мәліметтер

№	қарыз берген тұлғаның атауы (адамның аты) және орналасқан жері	қарыз бойынша негізгі борыш сомасы	қарыздың берілген күні
1.			
2.			

кестенің жалғасы

Қарыздың өтелген күні	сауалнаманы толтыру күніне берешек сомасы	қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)

10. Сіз таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының қызметі мәселелері бойынша сот талқылауларында жауапкер ретінде тартылдыңыз ба?

11. Сіз бұрын өзге банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, қызметін мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының

немесе заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім (оның ішінде банкроттық негіздемесі бойынша) қабылданғанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде өзге қаржы ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының немесе заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысы (басқарма төрағасы) немесе басқару органының бірінші басшысы, атқарушы органының немесе басқару органының бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болдыңыз ба?

(ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тарату (банкроттық) туралы соттың шешім

шығарған күні, таратылу (банкрот болу) себебі)

12. Сіздің қаржы ұйымының басшы қызметкері лауазымына атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуын қоса алғанда, алынбаған немесе өтелмеген соттылығыңыз бар ма?

13. Сізге қатысты өзге банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметін мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының мен заңды тұлғалардың тарату рәсімдерін жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу, өзге банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметін мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының мен заңды тұлғалардың тарату рәсімдерін жүргізу кезінде міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау, жекелеген кредиторлардың мүдделеріне қысым жасайтын не жекелеген кредиторларға артықшылық беретін әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілері болды ма?

Осылар бар болса, қандай екенін көрсетіңіз

(ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі)

14. Сіздің соңғы 3 (үш) жыл ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 9), 12), 13), 15), 16), 17), 18) және 21) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу фактілері болды ма?

15. Сіз осыған дейін өзге банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің қызметі мәжбүрлеп таратылатын

филиалының немесе мәжбүрлеп таратылатын немесе банкрот болып танылған заңды тұлғаның басшы қызметкері болдыңыз ба?

(ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тарату (банкроттық) туралы соттың шешім шығарған күні, таратылу (банкроттық) себебі)

16. Сіз мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің қызметі мәжбүрлеп таратылатын филиалы борышкерінің немесе кредиторының құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) немесе лауазымды тұлғасы болып табыласыз ба?

17. Сіз мәжбүрлеп таратылатын өзге банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің қызметі мәжбүрлеп таратылатын филиалының дебиторы немесе кредиторы болып табыласыз ба?

18. Сіз мәжбүрлеп таратылатын өзге банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің қызметі мәжбүрлеп таратылатын филиалына қатысты үлестес тұлға болып табыласыз ба?

19. Сіздің өзге де лауазымды (қызметті) атқаруыңызға байланысты шектеулеріңіз бар ма?

20. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы , жылы)	Жұмыс орны (қаржы ұйымы Қазақстан Республикасын ың бейрезиденті болған жағдайда , қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығу , лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған мәліметтерді тексергенімді және олардың дәйекті және толық екенін растаймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімімді беремін.

Қолы _____ күні _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2026 жылғы 31 наурыздағы
№ 32 қаулысымен бекітілді

Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Осы Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабының 4-тармағына және 127-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 70-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және мәжбүрлеп таратылатын екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (бұдан әрі – мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы) тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болып тағайындалатын кандидатқа (бұдан әрі – кандидат), депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның немесе сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметкеріне мынадай талаптар қойылады:

1) жоғары экономикалық немесе заң білімінің немесе бухгалтерлік есеп пен аудит саласында жоғары білімінің болуы;

2) банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалын және заңды тұлғаларды тарату тәртібін реттеу бөлігінде Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк, еңбек заңнамасын, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, атқарушылық іс жүргізу туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасын білуі;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 9), 12), 13), 15), 16), 17), 18) және 21) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу фактілерінің болмауы;

4) банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалында тарату рәсімдерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк, еңбек заңнамасының, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, атқарушылық іс жүргізу туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын бұзу фактілерінің болмауы;

5) таратылатын банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалына және (немесе) оның кредиторларына материалдық залал келтіруге әкеп соққан тарату рәсімдерін жүргізу кезінде міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау;

6) сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның немесе сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның лауазымды адамын қоспағанда, мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) не борышкерінің немесе кредиторының лауазымды адамы болып табылмауы;

7) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының құрылтайшысы (акционері) болып табылмауы;

8) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының дебиторы не кредиторы болып табылмауы;

9) мәжбүрлеп таратылатын банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалына қатысты үлестес тұлға болып табылмауы;

10) өзге лауазымға орналасуына байланысты шектеу қойылмау;

11) өзге қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалын немесе заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданғанға дейін (оның ішінде банкроттық негізі бойынша) 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының немесе заңды тұлғаның атқарушы органының немесе басқару органының бірінші басшысы (басқарма төрағасы)

, атқарушы органның немесе басқару органының бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болмауы. Көрсетілген талап банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалын немесе заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім (оның ішінде банкроттық негізі бойынша) қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

Талаптардың 2-тармағының 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген талаптар мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі лауазымына тағайындаған кезде қолданылмайды.

Банктің, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасы лауазымына үміткер кандидаттарға қосымша мынадай талаптар қойылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау саласында және (немесе) қаржылық қызметтер ұсыну саласында және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді реттеу саласында және (немесе) оңалту және банкроттық саласында 3 (үш) жылдан астам үздіксіз жұмыс өтілінің болуы;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тарту не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолдану фактілерінің болмауы;

3) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының немесе қаржы ұйымдарында жұмыс істеу және (немесе) қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының басшы қызметкері лауазымын атқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2026 жылғы 31 наурыздағы
№ 32 Қаулыға қосымша

Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасы қаулысының құрылымдық элементінің тізбесі

1. "Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20820 болып тіркелген).

2. "Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 9 ақпандағы № 14 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22195 болып тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін тоқтату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 64 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29610 болып тіркелген) бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін тоқтату мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы.

4. "Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 2 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33967 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК